

81.2
к-86

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ УНИВЕРСИТЕТІ
ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ



6M011900 «Шетел тілдері: Екі шетел тілі»
мамандығы бойынша
КУРСТЫҚ ЖҰМЫС ЖАЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қаскелең, 2014

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**



ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ

6M011900 «Шетел тілдері: Екі шетел тілі» мамандығы бойынша

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС ЖАЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қаскелен - 2014 г.

6M011900 «Шетел тілдері: Екі шетел тілі» мамандығы бойынша курстық жұмыс жазу ережелері университетішілік курстық жұмыс жазу ережелері негізінде құрастырылған.

Сулейман Демирел университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінде бекітілген протокол № «2» 23.09.14ж.

Құрастырушылар: *Касымова Г.М., Тулепова С.Б.*

Рецензенттер: *к.п.н., ассист.проф. Гаипов Д.Э., СДУ*
К.ф.н., Жампейіс Қ. Абылай хан атындағы ХҚ және ӘТУ

6M011900 «Шетел тілдері: Екі шетел тілі» мамандығы бойынша курстық жұмыс жазу ережелері. Каскелен: СДУ, 2014. - 14 б.

МАЗМҰНЫ

1. КУРСТЫҚ ЖҰМЫС ЖАЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ АУҚЫМЫ	4
2. ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР.....	4
3. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
4. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПАРАҚ ТҮРІ ЖӘНЕ ПАРАҚ БЕТІНІҢ СТАНДАРТТЫҚ КӨРІНІСІ.....	4
5. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	5
6. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИТУЛ БЕТІ.....	5
7. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.....	6
8. БОС ПАРАҚ	9
9. ҚОСАЛҚЫ ҚҰРАЛДАР.....	10
10. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТҮПТЕЛУІ ЖӘНЕ ТАБЫС ЕТІЛУ ТӘРТІБІ.....	10
11. ҚОСЫМШАЛАР	11

1. КУРСТЫҚ ЖҰМЫС ЖАЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ АУҚЫМЫ

Курстық жұмыс жазу ережесінің мақсаты, Сүлейман Демирел университеті жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінде, 6M011900 «Шетел тілдері: Екі шетел тілі» мамандығы бойынша дайындалатын курстық жұмыстардың жазылу құралдарына байланысты ережелерді қарастырады.

Курстық жұмыс магистранттың ғылыми жетекшінің басшылығымен жалпы диссертациялық зерттеудің бөлінісінде жүргізетін ғылыми зерттеуінің маңызды кезеңі болып табылады. Курстық жұмыс болашақ магистрлік диссертацияның ғылыми-теориялық бөлігін көрсетеді.

2. ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Курстық жұмыс жазу ережесі барысында қолданылған қысқартулар мен анықтамалар төмендегі мағаналарды қамтиды.

- ЖООКБ бөлімі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
- Магистр: магистратураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергендерге тағайындалатын академиялық дәреже
- Курстық жұмыс: магистранттың таңдап алынған магистрлік диссертация тақырыбы шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмысының түрін білдіреді.

3. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

- Курстық жұмыс жазу барысында қолданылатын терминологиялардың сәйкестігіне назар аударылуы қажет. Мысалы, курстық жұмыста бір мағанаға келетін терминдердің қай түріне таңу жасалса жұмыстың аяғына дейін сол термин түрі тұрақты қолданылуы қажет. (Басқа деректерден тікелей алынған сілтемелер, бұл ереженің тысында қалады)
- Курстық жұмыста жазудың методикалық тұтастығы сақталуы керек.
- Курстық жұмысты жазу барысында бір немесе бірнеше дерек көздерінен алынған сілтемелерде, бір бетте бірінен кейін бірі келетін формада қолданылмауы тиіс. Мұндай жағдайда сілтемелердің арасында ғылыми жұмысты орындаушының сын пікірлері мен көзқартары орын алуы керек.
- Курстық жұмыста жазудың этикалық құралдары міндетті түрде назарға алынады, тікелей көшіруге жол берілмейді.
- Таңдалып алынған мәселені шешудің жаңа жолдарын ұсына білу қажет.

4. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПАРАҚ ТҮРІ ЖӘНЕ ПАРАҚ БЕТІНІҢ СТАНДАРТТЫҚ КӨРІНІСІ

4.1. Парақтың түрі: Курстық жұмыс негізінен А4 (210x297) форматындағы стандартты парақтардың бір бетінде басылады және спиралды түптеу түрінде жинақталады. Алайда, курстық жұмыс барысында түрлі таблица, графиктерді көрсетуде басқа өлшемдегі парақтарды А4 форматына сәйкестендіріп бүктеу арқылы қолдануға болады.

4.2. Парақ бетінің стандарттық көрінісі:

А) Жиек өлшемдері: Курстық жұмысты жазу барысында парақ бетіндегі жиек өлшемдері: сол жақ-30 мм, оң жақ-10 мм, жоғарғы жағы-20 мм, төменгі жағы-20 мм түрінде болады.

Б) Бет номері: Бет номерлері жақша, сызықшалар т.б түрдегі белгілер қолданбастан парақ бетінің төменінде, компьютердің программалық нұсқауы арқылы орта тұстан (1, 2, 3, 4, 5...) түрінде номерленеді.

В) Бетті номерлеу: Нөмірлер титул бетінен бастап барлық беттерге беріледі, беттерді нөмірлеу екінші беттен бастап қойылады.

Г) Жазу түрі және көлемі: Курстық жұмысты жазу барысында «Times New Roman», кегль 14 шрифті пайдаланылады.

Д) Интервал: Курстық жұмыста жазулардың қатар аралығы 1 (12 pt) интервал болуы керек.

Ж) Абзац: Тақырыптар мен мәтін солдан және оңнан блоктанған түрде, абзацтан солдан 1 TAB ішке алынған түрде жазылады.

5. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМЫ

Курстық жұмыстың көлемі қосымшалар бөлімін есептегенде компьютерлік мәтіннің жалпы көлемі ~~20-30 бет~~ шамасында болады.

- Титул беті
- Мазмұны
- Белгілер және қысқартылған сөздер
- Кіріспе
- Бірінші бөлім
- Екінші бөлім
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиеттер тізімі
- Қосымшалар (Қосымша-3)

6. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИТУЛ БЕТІ

Титул беті курстық жұмыстың мұқабасы болып табылады және жұмыстың ақпарат көзі ретінде қызмет атқарады. Титул парағында жоғарыдан төмен қарай келесі мәліметтер орын алады:

- Курстық жұмыс орындалған ұйымның атауы;

- Факультеті

- Кафедрасы

- Жұмыстың атауы

- Атқарылып отырған жұмыс түрі

- Мамандықтың шифрі және атауы;

- Білімгердің тегі, аты-жөні

- Ғылыми жетекшінің ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы тегі, аты- жөні

- Жұмыстың қорғалған қаласы және жылы;

Титул беттің сол және оң жақтауларынан 3 см, үстіңгі және астыңғы жақтауларынан 4 см бос жер тасталады.

Атаулардың барлығы қою, 14 шрифт, үлкен әріптермен жазылады. Тек қана мамандықтың атауы; білімгердің аты-жөні, жетекшінің тегі және аты-жөні, Курс жұмысының қорғалған қаласының атауларының алғашқы әріпі бас әріп түрінде болып, жалғасы кіші әріппен жазылады. Барлық жазу қатарлары ортаға алынады.

Титул парағына нөмір қойылмайды. Титул парағы (Қосымша-1) үлгісіне сәйкес рәсімделеді.

7. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

7.1. Құрылымдық элементтер: Курстық жұмыстың құрылымдық элементтеріне: «МАЗМҰНЫ», «БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР», «КІРІСПЕ», «БӨЛІМ АТАУЛАРЫ», «ҚОРЫТЫНДЫ», «ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ» және «ҚОСЫМШАЛАР» жатады. Құрылымдық элементтер әрдайым жаңа беттен бастау алады. Барлық сөздер үлкен әріптермен қою, 14 шрифтімен жазылады және орталаынады.

7.2. Мазмұны: «МАЗМҰНЫ» тізбегінде курстық жұмыстың мәтінінде орын алған барлық құрылымдық элементтердің атаулары орын алады. Бұл элементтердің тұсында мәтін ішіндегі басталатын беттерінің номерлері жазылады. «МАЗМҰНЫ» тізбегінде орын алған барлық құрылымдық элементтер курс жұмысының ішіндегі атаулармен дәл сәйкес келуі тиіс. Оларды қысқартуға немесе басқа формулировкада жазуға болмайды. (Қосымша-2)

7.3. Белгілер және қысқартылған сөздер: «БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР» құрылымдық элементі курс жұмысын жазу барысында қолданылған белгілер және қысқартылған сөздерден тұрады. Қысқартылған сөздер алфавиттік ретімен әр бірі жоғарыдан төмен қарай жаңа жолдан орын алады. Әрбір қысқартылған сөздерден кейін қос нүкте қойылып, қабатында оның тарқатылуы жазылады.

7.4. Кіріспе: «КІРІСПЕ»-де тақырыптың өзектілігі, курс жұмысының мақсаты мен міндеттері, курс жұмысының зерттеу нысаны, курс жұмысының деректемелік негізі, мәселені шешудегі ұсыныстары мен курс жұмысының нәтижесі қарастырылады. (Қосымша-3)

7.5. Бөлімдер: Курстық жұмыстың ерекшелігіне қарай құрамында бірнеше тараулар мен тараушалар және параграфтарға бөлінген бөлімдер саны екіден кем емес болуы қажет. Бөлімдердің мазмұны кіріспедегі міндеттерге жауап беретін және зерттеу тақырыбын жүйелі түрде аша алуы тиіс.

Жұмыстың бірінші бөлімінде тақырыпқа қатысты ғылыми әдебиеттер мен ресми материалдарды таныстыру, елдегі мәселенің жай-күйіне талдау жасай отырып, мәселенің кем тұстарын ортаға қояды.

Жұмыстың екінші бөлімінде талдаудың негізгі нәтижелерін мазмұндауға арналады. Бұл жерде таңдалған проблеманы шешудің тәсілдері, жаңалық тұстарын баяндау екінші бөлімнің зерттеу объектісі аясында қарастырылады.

Бөлім атаулары, кезекті саны көрсетіле отырып үлкен әріптермен жаңа беттің үстіңгі қатарынан, ортадан орын алады.

Тараулар мен тараушалар: Магистрант зерттеуді жүйелі жүргізу мақсатында әр бөлімді бірнеше тараулар мен тараушаларға бөліп қарастырады. Осы жағдайда бірінші тарау тақырыбы, бөлім атауының төменіндегі жаңа абзацтан басталады. Ал, бөлім ішінде екінші және үшінші т.б. тарау тақырыптары болса үстіңгі мәтіннен 1 ТАВ бос аралық тастап жаңа абзацтан жазылады. Тарау тақырыбының барлық сөздері үлкен әріптермен қою шрифтімен жазылады.

Тарау ішіндегі тарауша атаулары бір үстіңгі мәтін сонынан 1 ТАВ төменде солдағы жаңа абзацтан басталады. Тарауша атауларының алғашқы әріпі үлкен, жалғасы кіші әріптермен, қою шрифтімен жазылады.

Тарау және тарауша тақырыптарының алдына олардың кезекті санын білдіретін номерлер қойылады. (Мысалы: 1 XXX XXX / 2 XXX XXX// 1.1 Xxx xxx / 1.2 Xxx xxx).

7.6. Қорытынды: Бүкіл курс жұмысының жалпы мазмұнынан туындайтын негізгі тұжырымдарды курс жұмысының «ҚОРЫТЫНДЫ» бөлімінде ықшамды түрде баяндалады. Бұл жерде курстық жұмыстың мақсатынан бастап, зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелердің мазмұны баяндалады. «ҚОРЫТЫНДЫ» атауы үлкен әріптермен, жаңа беттің үстіңгі қатарында, ортадан орын алады.

7.7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде курс жұмысы барысында жасалған сілтемелерге толық мағұлмат беретін мәліметтер орын алады. Мәліметтер: автордың тегі, аты-жөні, әдебиеттің атауы, егер еңбек-аударма немесе біреулер тарапынан баспаға дайындалған болатын болса онда аудармашының немесе баспаға

дайындағанның тегі, аты-жөні, томы, басылым саны, басылған жері, баспа атауы және жазылған жылы секілді анықтамалардан тұрады. (Қосымша-4)

А) Автордың аты-жөні: Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде бірінші кезекте автордың тегі бас әріппен теріледі, оның жалғасында нүкте қойылмастан автордың аты-жөнінің тек қана бас әріптері жазылады. Автордың аты-жөнінің арасына және соңына нүкте қойылады. Пайдаланылған әдебиет екі немесе үш автор тарапынан дайындалған болатын болса, авторлардың тегі және аты-жөні еңбекте орын алған кезегімен араларына үтір қойыла отырып жазылады. Егер әдебиет үштен көп автор тарапынан дайындалған болса онда тек қана алғашқы автордың тегі және аты-жөні жазылғаннан кейін «тағы басқалары» деген сөздің қысқартылған «т.б» түрі жазылады. Сілтеме жасалған еңбекте ешқандай автордың аты жөні орын алмаса, бұл жағдайда мәліметтер тізбесі тікелей әдебиеттің толық атауымен басталады. Егер автор еңбегінде аты жөнінің орнына псевдоним қолданған болса, бұл мағұлмат сол күйінде өзгеріссіз беріледі. Алайда, автордың шынайы аты-жөні белгілі болса онда, псевдонимнен кейін жақша ішінде шынайы аты жөнін көрсетуге болады.

Б) Әдебиеттің атауы: Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде автордың аты-жөнінен кейін нүкте қойыла отырып пайдаланылған әдебиеттің атауы орын алады. Кітаптың титулдық бетіндегі атауы толық беріледі. Кітап атауынан кейін нүкте қойылады. Егер еңбек аударма немесе біреулер тарапынан баспаға дайындалған болатын болса онда бұл сөздердің «ауд» немесе «б.д» қысқартылған атауларынан кейін қос нүкте қойылып аудармашының немесе баспаға дайындағанның тегі, аты-жөні жазылып нүкте қойылады.

В) Мақала және осы түрдегі мағұлматтар: Курстық жұмыс барысында мақалалар, жарияланбаған диссертациялық жұмыстар немесе энциклопедиядан алынған тақырыптар пайдаланылған болса онда оның авторы немесе авторларының тегі, аты-жөні бірінші жазылады, соңында нүкте қойылады. Нүктенен кейін мақала атауы, жарияланбаған диссертациялық жұмыс тақырыбы немесе энциклопедиядан алынған тақырыптар жазылып қос таяқша қойылады. Қос таяқшадан кейін алынған жинақтың атауы жазылады. Жинақтың атауынан кейін нүкте қойылады. Нүктенен кейін журналдың басылған қаласы, жылы, саны, беті көрсетіледі. Әрбір көрсеткіштің аралығына үтір қойылады.

Г) Том және басылым саны: Егер пайдаланылған әдебиет көп томдық кітап болатын болса мұндай жағдайда әдебиет атауынан кейін пайдаланылған әдебиеттің томы және басылым саны орын алады.

Бұл жағдайда пайдаланылған әдебиеттің арап цифрімен оның жалпы том саны көрсетіліп жазылады (мысалы: 5 томдық). Үтір қойылғаннан кейін осының ішінде пайдаланылған томның саны үлкен рим цифрімен

көрсетіледі. Саннан кейін том сөзінің қысқартылған кіші «т» әріпі жазылып нүкте қойылады.

Сілтеме, пайдаланылған әдебиеттің алғашқы басылымынан алынған болса онда басылым саны көрсетілмейді. Егерде еңбектің екінші немесе кейінгі басылымдарынан сілтеме жасалған болса бұл жағдайда басылым саны арап цифрімен (мысалы: 2 басылым) көрсетіледі.

Д) Баспа орны: сілтеме жасалған еңбектің жарияланған жері, баспа атауы және жарияланған жылы секілді мағұлматтардан тұрады. Бұл мағұлматтардың араларына үтір қойылады. Егер бұл мағұлматтардың кейбірулері сілтеме жасалған еңбекте жоқ болған жағдайда орны кезектегі келесі мағұлматпен алмастырылады.

Е) Архивтік мәліметтер: архивтік мәліметтерді қолданған жағдайда пайдаланылған әдебиеттер тізбесінде архивтің атауы, папка номері және құжат номері көрсетіледі.

Ж) Газетте жарияланған мақалалар немесе хабар түрлері: мақаланы немесе хабарды жариялаушы автордың тегі, аты-жөні бас әріптермен жазылады. Нүкте қойылғаннан кейін қос таяқшадан кейін мақаланың немесе хабардың тақырыбы жазылады. Нүктенен кейін тиісті газеттің аты, үтір арқылы күні, айы, жылы және саны көрсетіледі.

З) Электрондық дерек көздерін пайдалану: Егер пайдаланылған мәлімет интернет сайтындан алынған болса онда бар болған жағдайда автордың тегі, аты жөні, кітаптың немесе мақаланың атауы, журналдың атауы, саны, айы, жылы сондай ақ назар аударылған электронды деректің сайт атауы жақша ішінде беріледі.

7.8. Қосымшалар: Курстық жұмыс барысында кейбір жағдайларда мәтін түсінікті болуы үшін таблицалар, формалар, анкеталық сұрақ жауаптардың тізбесі, сирек кездесетін дерек көздерінің көшірмесі, фотосурет, карта т.б. осындай қосымша құралдарға сілтеме жасалады. Диссертация мәтнінде барлық қосымшаларға сілтеме жасалуы керек. Қосымшалар диссертация мәтнінде оларға сілтеме жасау реті бойынша орналастырылады. Қосымшалардың мәтін ішіндегі сілтеме номерлері тиісті жерде жақша ішінде (қосымша -1) түрінде беріледі. Қосымшаларға «ҚОСЫМША» бөлімінде арап цифрімен мәтін ішіндегі сілтеме номеріне сәйкес номерлер қойылып, әрбір номердің тұсына қосымшаның тақырыбы сызықша арқылы жазылады. «ҚОСЫМШАЛАР» курстық жұмыстың негізгі мәтін бөлімінен саналмайды. Сондықтан қосымшаларға бет номері берілмейді.

8. БОС ПАРАҚ

Курстық жұмыстың соңғы бетіне мәтінді бүлінуден қорғау мақсатында А4 форматында қосымша бос бет қоса тігіледі. Бұған бет номері берілмейді.

9. ҚОСАЛҚЫ ҚҰРАЛДАР

А) Қысқартулар: Жұмыс барысында автордың бір еңбегіне бірнеше мәрте қатарынан сілтеме жасаған жағдайда пайдаланылған әдебиеттер тізімінде библиографиялық деректертер қысқартылып беріледі. Автордың тегі, аты –жөні жазылғаннан кейін үтір қойылып а.а.м (аты аталған мақала) немесе а.а.е (аты аталған еңбек) секілді дерек атаулары қысқартылған түрде жазылады. Қысқартылған атаулардың араларына нүкте қойылады. Егер автордың бір еңбегін қатарынан қолданып, одан кейін осы автордың басқа бір еңбегіне назар аударылса бұл жағдайда қолданылған жаңа еңбектің атауы толық жазылады.

Б) Сілтемелер: Курс жұмысы барысында басқа еңбектерден алынған деректер тырнақша ішінде дәл сол күйінде көшіріледі немесе деректердің түпкі мазмұны өзгеріске ұшыратылмастан ізденушінің өз сөзімен қорытындылануы түрінде беріледі. Екі жағдайда да пайдаланылған дерек көзіне міндетті түрде сілтеме жасалынуы тиіс.

Сілтемелер төмендегі құрал негізінде жасалады:

Мәтін барысында сілтемелер қажет болған жағдайда сөйлем ішінде немесе сөйлем соңында тік жақша ашу арқылы беріледі. Тік жақша ішінде сілтеменің кезекті номер саны беріледі. Сілтемеге байланысты толық мағұмат пайдаланылған әдебиеттер тізімінде беріледі. Сілтеме сөйлем соңында берілсе онда сөйлем соңында келетін нүкте тік жақша жабылғаннан кейін қойылады.

Сондай ақ, мәтін барысында бір ұғымды немесе терминологияны түсіндіру қажеттілігі туындаған жағдайда тиісті жерге санның орнына жақша ішінде *, **, *** секілді жұлдызшалар қою арқылы сол беттің төменінде түсіндірмесі немесе мағанасы беріледі.

10. КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТҮПТЕЛУІ ЖӘНЕ ТАБЫС ЕТІЛУ ТӘРТІБІ

Магистрант, Сүлеймен Демирел атындағы университеттің «Курстық жұмысты дайындау және қорғау жөнінде ережесіне» сай жазылған курстық жұмыстың спиралды түрінде түптелген 2 нұсқасын кафедраға ұсынады. Курс жұмысы кафедра менеджерінің қадағалауымен жетекшілерге және комиссия мүшелерінің назарына қорғауға дейін бір аптадан кешіктірмей табыс етіледі.

Магистрант, курс жұмысын табысты қорғағаннан кейін, қорғау барысында комиссия мүшелері тарапынан айтылған кейбір ескертпелер мен толықтырулар жасалған болса оларды назарға ала отырып бір апта ішінде курстық жұмысты қайта өңдеп 2 нұсқа түрінде ЖООКБ бөліміне табыстайды.

Қосымша 1: Тіптул өрнегі

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN

SULEYMAN DEMIREL UNIVERSITY

FACULTY OF PHILOLOGY AND EDUCATIONAL SCIENCES

DEPARTMENT OF FOREIGN LANGUAGES

COURSE PAPER

“USING SONGS IN TEACHING VOCABULARY AT
INTERMEDIATE LEVEL”

On specialty – 6M011900 «Foreign Language: Two Foreign
Languages»

Master student : Yermekova Rauza

Scientific Supervisor: Candidate of Philol.
Sciences, assist.prof. Tulepova S.

Kaskelen, 2014

CONTENTS

INTRODUCTION.....
1 THEORETICAL ASPECTS OF INVESTIGATION
1.1.....
1.2.....
1.3.....
2 METHODOLOGY
2.1.....
2.2.....
2.3.....
2.3.1
2.3.2
3 RESULTS (Optional)
3.1.....
3.2.....
CONCLUSION.....
REFERENCES.....
APPENDIX.....

INTRODUCTION (SHOULD INCLUDE)

- - **topicality of research** - importance of this problem decision for further development of theory and practice, based on literature review
- - **problem of research** - contradiction between necessity of problem decision and real practice;
- - **object of research** - an area within which the researcher is investigating the subject;
- **subject of research** - narrower than the object, subject is discussed within the framework of an object;
- - **aim of research** is the final result of scientific research;
- - **objectives of research** are determined in accordance with its purpose and aim to achieve it, and should be no more than 3-4. Setting objectives determines the course of the structure of scientific research and so the content of the thesis is based on the principle of phase-solving;
- - **hypothesis of research** is preliminary mental solutions of studied issue, the goal of research achievement;
- **theoretical importance** is determined by what personal contribution is done by a researcher in the study of the issue, ie within the framework of the thesis it can in-depth study; the identification of new relevant information, organization and summarizing the available evidence, the development of theoretical prepositions and recommendations etc.;
- - **practical importance** is determined by that, how important the materials and recommendations for improving the situations of teaching foreign languages at schools are developed by the author, ie how they are applicable in practice;
- - **methodological grounds** represents different theories, laws and principles relevant to the detection and interpretation of the studied phenomenon.
- - **methods of research** - means which help to investigate the problem: theoretical and practical; general and private methods of research used in the diploma paper;
- **as the basis of research** can be schools, lyceums, gymnasiums or other educational institutions on the base of which the study took place during the pedagogical and scientific internship;
- - **structure of research** - is the final element of the scientific apparatus and the introduction in which you very briefly describe the content of the work (the introduction, parts and conclusion).

Қосымша-4: Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Links to the used sources should be in square brackets [] and placed in order of appearance of links to sources in the text of the thesis. Links should be given in brackets ordinal as they mentioned in the text. Pages, for example, [1, Pp.5-6] or just a few sources that are numbers, separated by semicolons, without specifying pages, for example, [1; 2; 3].

- When making a list of references you must specify all of the required data source: author, title, publisher, year, volume (number of pages):

References

1. Richards J.C. A Non-Contrastive Approach to Error Analysis // Error Analysis. – Longman, 1994. – P. 172-188.
2. Handayani Windra. Lexical interference of Minangkabaunesse into Indonesian found in novel Tenggelamnya Kapal van der Wijck // Thesis proposal // <http://rangmalalak.wordpress.com/2009/06/02/lexical-interference-of-minangkabaunesse-into-indoneisan-foun-in-tenggelamnya-kapal-van-der-wijck-thesis-proposal/>
3. Nada AbiSamra. An Analysis of Errors in Arabic Speakers' English Writings //20.02.14 <http://www.nadasisland.com/languageacq-erroranalysis.html>
4. Corder P. The Significance of Learner's Errors // Error Analysis. – Longman, 1994. – P. 19 -28.
5. Edge J. Mistakes and correction. – Longman, 1990. – 70 p
6. Оразалиев Ж.Б. Когнитивно - семантические и структурные основы фразеологизации спортивных терминологических словосочетаний (на материале английского, немецкого, русского и казахского языков): дис. ... канд.филол.наук: 10.02.19. – Алматы, 2006. – 165 с.

Guides on structuring the master's course work (DO NOT INCLUDE THIS PAGE!)

- the title page
- Contents,
- Definitions (Key words);
- Abbreviations, used in the paper;
- Introduction;
- Title of the theoretical part of the work (numbered);
- Title of the practical part of the work (numbered);
- Conclusion (conclusions and proposals);
- List of references in the order cited in the text of the thesis;
- Appendices (if any).

«Print World» баспасы
Тараптары 500 дана